

үш тілде жүргізілген сөзжұмбақтар, анаграммалар олардың коммуникативтік құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылықтарын арттыруға негіз болады. Сондай-ақ, электрондық оқулықтар, презентациялар, тест тапсырмалары және т.б. білім алушылардың қызығушылығын оятып, уақыттарын үнемдеуге, қосымша деректерді тиімді қолдануға түрті болады. Шығармашылық жұмыстарға жетелейтін тапсырмаларды да білім алушылар қызыға орындап, еркін аударма жұмыстарын жасауға дағдыланады.

Қорытындылай келе, үштілді меңгерген азаматтардың болашағы жарқын, елін дамытуға мүмкіндігі жоғары. Осы заманның талабы да, сұранысы да сол бағдарламада негізделген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Рақымжанова С. Қ. Шетел тілін оқыту әдістемесі. – 2007, – №5. – 78 б.
2. Сақтағанова М.С., Алиева Н. Қ., Айтбаева Н. Қ. Ағылшын тілін оқытудың әдістері// Білім. – 2006. – №3. – 43б.
3. Шетел тілін оқыту әдістемесі. – №3/2007. – 21б.
4. Шетел тілін оқыту әдістемесі. – №5/2007. – 6б.
5. Шетел тілін оқыту әдістемесі. – №4/2008. – 27б.

Кадина Ж.З., Сатеева Б.С.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Төлеутай Гүлнұр

«Тілек» балабақшасының тәрбиешісі, Қарағанды қ.

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДІҢ ІРГЕТАСЫ – БАЛАБАҚШАДАН

Білімді, саналы, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың тәрбиесі мен білімінің тереңдігімен өлшенеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту делінген [1]. Ал, жалпы адамзаттық құндылық бастауы отбасындағы бесік тәрбиесінен, мектепке дейінгі білім беру мекемесінен қалана бастайтыны анық. Халық даналығында «Баланы өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле»- дейді, ұрпағымызды ұлтымыздың өз тамырынан алшақтап қалмайтындай етіп, дәстүр салтын танымына сіңіре тәрбиелей алсақ келешекте ұстанымы берік, құндылықты бағалай білетін, кез келген жаһандық жаңаруда жат сипаттағы үлгіні санасымен салмақтайтын, бәсекеге төтеп бере алатын мемлекетіміздің сенімді келешегі болар еді. Осы ретте алғашқы баспалдақ саналатын балабақшадан баланың ұлттық табиғатына тән тәрбие мен білім сіңіре алуымыз керек. Мемлекет нұсқаған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын іске асыру мақсатында әрбір білім беруге үлес қосушы, педагог мамандар білім мен тәрбие берудің әртүрлі деңгейлерінде өмір бойы оқу жүйесін құруда мектепке дейінгі білімнен бастап жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету мәселелерін саралап алуы қажет.

Білім беру өмірдің сұранысы мен талаптарына жауап береді, жаһандану, ақпараттың шексіз ағылған кезеңінде ұрпақ санасына түп іргетасты, мықты етіп орнықтыру мемлекет келешегі үшін жұтылып кетпеудің бір шарты. Әртүрлі өмірлік сфераларда ұрпақтардың сабақтастығын қамтамасыз етеуде тұлғаның дүниеге көзқарасының, әлемге және өз-өзіне деген адамгершілік қатынасының қалыптасуындағы басты рөл Отанына деген зор құрметпен шектесуі тиіс.

Отан – асыл ұғым. Ол отбасынан басталып, тұтас бір мемлекетті жұмылдырып тұрған ұлы күш. Сондықтан да білімінің бастуын халқымыздың отбасылық ерекшелігінің қадір – қасиетін, ата салтымыздың мәдени негізін баланың жас кезінен сана-сезіміне сіңіріп отыруымыз абзал. Ұлтымыздың отбасылық өміріндегі табиғатына тән құбылыс-сыйластық қарым-қатынас «ыммен» жылы қабақпен, көзбен түсінісу – салмақтылық пен сабырлылық. Үлкенге ізет көрсету, кішіге көмек қолын созу, әкені-асқар тау, ананы-жылы ұяның ұйытқысы, – деп тану. Кішкентайынан әрбір орындалып жатқан салт-дәстүрге тікелей араласқан бала қисапсыз мол дерекке қанығып, ділінде түпкілікті танымды қалыптастырады. Яғни, халық дәстүрін танып-түсіну әрбір баланың өз басындағы

сезім түйсігімен сабақтасады. Өз халқының салт-дәстүрін тану — өзін оның бір бөлшегі ретінде сезінуіне ықпал етеді.

Әрбір отбасы өз халқымыздың ұлттық тәрбиесіне құрметпен қарап, оның философиясын сауаттылықпен ұрпағына сіңдіре алса, отбасылық құндылықты биігінде ұстай алса ол ұрпақ жердің елдің қадіріне бейжай қарамасы анық.

Бастысы – ел қадірін, тағдырын білу, өмір салтымызды, болмысымызды бағалауға тәрбиелеу. Еліміздің білім беру жүйесінде жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде руханилық пен адамгершілікке бағдарлап білім-тәрбие беру ісі өткір мәселе. Осы тұрғыда балабақшадағы «Өзін-өзі тануды» жүргізуде ұлттық құндылықтарды дәріптеуді, келесі деңгейде оны білім мазмұнына енгізу арқылы ұлттық тәрбие беруді, оны үздіксіз білім берудің көзіне айналдыруды, оның тереңдігі мен рухани шындығын балалық кезден бастап сіңіруді алға қойып отыр. Бұл орайда пән ұлттық тәрбие беру желісі етіп оқу материалдарына мазмұны жағынан бала рухын тербететін, жанын елжірететін, туған мекенін мақтан ететін, әсемдік сезімін, ар-намыс сезімін оятатын, білуге құмарлыққа, ақ көңілділікке, бірлікке, ерлікті көксеуге, күш-қайратты шыңдауға ұмтылдыратын – нағыз ұлттық, қазақша ойлайтын, қазақша сөйлейтін, тілеуі, қалауы, арманы қазақша болатын, өз бойынан ата-бабасының қаны мен рухын сезінетін, өз халқының би, батыр, шешен, даналарының өнеге-үлгісін ұстанатын, елінің тағдырына, тарихына жаны тебіренетін – адамгершілік бастаулары, әдептілік қағидалары, өсиет әңгімелерді, шешендік сөздерді және т.б. алуымыз керек [3]. Әдістемелік жүйе құруда ұлттық құндылықтарды танып-түйсінуге тірек болатын оқу материалдары, яғни ұлттық қазыналар, олар – ана тілі, ән-күй, өлең-жыр, ертегі және т.б. болуы тиіс.

Заман өзгерген сайын талапқа сай оқытудағы әдіс-тәсілдерімізді де жетілдіріп, жаңартып, кәсіби шеберлікті дамытып отыруымыз шарт. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырады. Бүгінгі мектеп жасына дейінгі балалардың берілген ақпаратты тез қабылдауынан, жаңаны білуге деген өткір құмарлықтарынан, ашық эмоцияларынан, есте сақтау қабілеттерінің жоғары дамығанынан өзіндік ерекшеліктерді байқауға болады, педогог оқыту үдерісінде мұны ескеріп, бірсарындылықтан аулақ болып, оқыту мен тәрбиелеудің жаңаша тәсілдерін ұйымдастыруы тиіс. Басты принциптердің бірі — тәрбие мен оқуды бірыңғай үрдіске біріктіру болып табылады [2]. Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Өйткені осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарындылық жан-жақты дами бастайды. Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Әр бала өз ұлтының баласы екендігін ұмытпауы тиіс. Ұрпаққа қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болуы.

Тәрбие мен білім – егіз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды, балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді. Адам бала кезінен қалыптасады. Мектепке дейінгі жастан бастап баланың болашақ тұлға, өз елінің азаматы ретінде негізі қаланады. Отанға, өз халқына деген сүйіспеншілікті, адамгершілікті, тәрбиелі адам – мемлекеттің байлығы, бейбітшілік пен мәдениеттіліктің кепілі.

Жаңғыру ең алдымен өткен тарихынды танудан басталады. Олай болса, әрбір елдің кемел жетістігі оның өзінің басқаға ұқсамайтын ерекше ұлттық болмысымен дараланып тұра білуінде, үздіксіз білім беру мен тәрбиелеуде осыны мақсат етуіміз керек.

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Мұханбетжанова А. Бастауыш мектеп педагогының түйінді құзыреттілігін қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері. -Ізденіс №1, 2009 ж. 261-264 б.
3. Изғұттынова Р.О. Адамгершілік білімі- білім берудің алтын қазығы 2020 ж.

Салтанат Ахметкалиевна Толенова
Магистр педагогических наук, старший преподаватель
факультета дополнительного образования
КарУ им. академика Е.А.Букетова

ОСОБЕННОСТИ ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ МОДЕЛИ ФОРМИРОВАНИЯ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ

Педагогика рассматривает метод моделирования как создание идеальной, с точки зрения научных данных, модели организации и условий функционирования образовательного процесса или его части. Научное обоснование этого метода представлено в таких работах ученых- исследователей, как Архангельский С.И. [1], Краевский В.В. [2], Штофф В.А. [3]. Метод моделирования позволяет исследовать процессы и явления окружающей действительности и понять систему взаимоотношений внутри предмета изучения.

Главным компонентом моделирования является модель, которая представляет педагогическое явление или процесс как систему в виде схематического, знакового изображения или упрощенного описания, при этом раскрывая самые существенные его свойства. Салмина Н.Г. полагает, что модель является заместителем изучаемого объекта, когда модель и объект находятся в состоянии соответствия, т.е. модель не тождественна оригиналу, а только отражает изучаемый объект [4].

Можно выделить следующие функции моделирования: познавательную (раскрытие сущности конкретного явления); исследовательскую (цели, гипотезы, задачи); технологическую (основные условия реализации образовательного процесса); нормативную (содержание управления педагогическим процессом).

Рассматриваемая теоретическая модель формирования межкультурной компетенции студентов включает целевой компонент, принципы формирования межкультурной компетенции, критериально-уровневый компонент, содержательный компонент формирования межкультурной компетенции, организационно-практический компонент, результативный компонент. При создании теоретической модели формирования межкультурной компетенции студентов подготовительного курса, мы опирались на педагогические модели гуманистического образования культурологического и лично-ориентированного типа [5, 16].

Можно выделить ряд этапов создания образовательной модели:

1. Выбор методологической основы моделирования.
2. Постановка задач моделирования (определение основной дидактической цели, ее уточнение и конкретизация для каждого этапа обучения и воспитания).
3. Проектирование модели (уточнение основных компонентов модели, выявление зависимости между ними, их характеристики, определение динамики ее развития).
4. Апробация разработанной педагогической модели в ходе эксперимента.
5. Анализ и интерпретация полученных результатов апробации модели.

Необходимость разработки теоретической модели формирования межкультурной компетенции вызвана необходимостью решения поставленной проблемы. Объектом нашего моделирования является формирование межкультурной компетенции студентов.

Концептуальной основой теоретической модели формирования межкультурной компетенции студентов служит компетентностный подход, обеспечивающий принципы изучения и повышения эффективности рассматриваемого процесса и позволяющий моделировать оптимальную образовательную среду для межкультурного воспитания студентов. Компетентностный подход в нашем исследовании означает формирование межкультурной компетенции студентов на основе межкультурных ситуаций с затруднениями в соответствии с предъявляемыми требованиями, критериями и образовательными стандартами к языковому образованию в университете.

Мильруд Р.П. выделяет следующие компетентности в обучении иностранным языкам: